

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерге импортталатын қауіптілігі ықтимал өнімдерді гигиеналық бағалау кезіндегі өзара іс-қимылдың тәртібі туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 10 желтоқсандағы N 1298 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2004 жылғы 16 сәуірде Чолпон-Ата қаласында жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерге имортталатын қауіптілігі ықтимал өнімдерді гигиеналық бағалау кезіндегі өзара іс-қимылдың тәртібі туралы келісім бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерге имортталатын қауіптегі ықтимал өнімдерді гигиеналық бағалау кезіндегі өзара іс-қимылдың тәртібі туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Үкіметі,

белгілі бір жағдайларда өзінің гигиеналық сипаттамасы (өлшемдері) бойынша тұтынушының өмірі мен денсаулығы және оның тіршілік ету ортасы үшін нақты қауіп төндіруі мүмкін қауіптілігі ықтимал өнімдерді гигиеналық бағалау саласындағы ынтымақтастықтың маңыздылығын тани отырып,

белгіленген санитарлық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарға және Тараптар мемлекеттері халқының денсаулығын сақтау талаптарына сәйкес келмейтін өнімдердің тұтынурына жеткізілуінің алдын алу мақсатында сауданы бұдан әрі ырықтандыруға ұмтыла отырып және оның халықаралық сауда саласындағы халықаралық келісімдердің шеңберінде дамуы үшін жасанды кедергілердің пайда болуына жол бермеу қажеттігін ескере келе, стандартталған жабдықтың бірыңғай әдістерін пайдалана отырып, өзара байланысты және өзара танымды өнімдердің қауіпсіздігін мемлекеттік қадағалау мен бақылаудың ұлттық жүйесі шеңберіндегі жұмыстарды жүзеге асыру қажеттігіне орай,

қандай да бір өнім түрлеріне мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдары мен мекемелері қоятын нормативтік талаптар мен өнімдердің қауіпсіздік көрсеткіштерінің үйлесуін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастыра отырып,

осы Келісімнің ережелері Тараптардың мемлекеттері дайындастын өнімге қолданылатындығын көңілге ала отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін төменде келтірілген терминдердің мынадай мағынасы бар:

қауіптілігі ықтимал өнім - құрамында химиялық және биологиялық заттар бар және/немесе адамның өмірі мен денсаулығына немесе келесі ұрпақтың денсаулығына немесе адамның тіршілік ету ортасының жай-күйіне зиянды әсер ететін не әсер етуі мүмкін физикалық факторлардың көзі болып табылатын, оны қауіпсіз қолдану өнімде көрсетілген заттардың болуын және физикалық факторлардың әсер ету деңгейін гигиеналық регламенттеумен, сондай-ақ белгіленген регламенттерді сақтаумен қамтамасыз етілетін өнім;

гигиеналық қорытынды (гигиеналық сертификат, тіркеу құжаты, куәлік, санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды және т.с.с.) - Тараптардың мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен мекемелері беретін және қауіптілігі ықтимал өнімнің санитарлық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарға сәйкестігін куәландыратын құжат.

2-бап

Тараптар Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында дайындалатын қауіптілігі ықтимал импортталатын өнімді гигиеналық бағалаудың тәртібін әзірлейді және келісіледі, олардың гигиеналық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған келісілген ұйымдастыруышылық, профилактикалық, санитарлық-гигиеналық және індектек қарсы іс-шараларды жүргізеді.

3-бап

Тараптар Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында дайындалатын өнімді гигиеналық бағалау (сертификаттау, сараптау, тіркеу) рәсімдерін әзірлейді және келісіледі, егер Тараптардың ұлттық заңнамасына және мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық және гигиеналық нормативтік құжаттарының талаптарына қайшы келмесе, өнім шығарылған мемлекеттердің аумақтарында Тараптардың мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен мекемелері берген гигиеналық қорытындыларды (аккредиттелген сынақ орталықтары мен зертханалар жүргізген сынақтардың хаттамалары болған кезде) өзара таниды.

Тараптар гигиеналық қорытындылардың үлгілерін өзара алмасады.

4-бап

Тараптар мониторингті жүзеге асырады және қауіптілігі ықтимал өнімдердің бірыңғай дерекқорын жасайды, қауіптілігі ықтимал өнімнің әсер етуіне байланысты ресми тіркелген Тараптар мемлекеттері халықтарының науқастану және улану жағдайлары туралы ақпаратпен өзара алмасады.

5-бап

Тараптар қазіргі кезде бар халықаралық нормалар мен ережелерді ескере отырып, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің санитарлық-эпидемиологиялық нормалару жөніндегі

мемлекетаралық комиссиясының шеңберінде қауіптілігі ықтимал өнімдер туралы санитарлық-эпидемиологиялық және гигиеналық нормативтік құжаттарды бірлесіп өзірлеу мен сараптауды жүзеге асырады.

6-бап

Тараптар аккредиттегін сынақ орталықтары мен зертханаларына қойылатын талаптарды бірлесіп өзірлейді және келіседі, Тараптар мемлекеттерінің заңына сәйкес оларды аккредиттеуді жүргізеді. Олар өткізген сынақтардың нәтижелерін өзара таниды.

7-бап

Импортталатын өнімді мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асуру кезінде Тараптардың мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен мекемелері импортер-Тараптар мемлекетінің санитарлық заңының басымдықтарын негізге алады.

Имортталатын өнімді дайындаушы және жеткізуші гигиеналық қауіпсіздік саласында импортер-Тарап пен экспортер-Тарап мемлекеттерінің заңдарына сәйкес оның сапасы және тұтынушы өмірі мен денсаулығы, тіршілік ету ортасы үшін қауіпсіздігіне жауапты болады.

8-бап

Экспортер-Тараптың оң гигиеналық қорытындысының болуы имортталатын өнімді әкелу үшін міндettі шарт болып табылады.

Егер оның ұлттық заңнамасымен өзгеше көзделмесе, мұндай қорытынды болмаған кезде өнімді импортер-Тарап мемлекетінің аумағына әкелуге рұқсат етілмейді.

9-бап

Мал етінен жасалған өнімді гигиеналық бағалау қолданыстағы ветеринарлық ережелерге, ветеринарлық-санитарлық сараптама нормалары мен ережелеріне сәйкес мемлекеттік ветеринарлық қызмет жүргізген ветеринарлық-санитарлық сараптамадан кейін жүзеге асырылады.

10-бап

Тараптар белгіленген санитарлық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарға сәйкес келмеген қауіптілігі ықтимал өнімдердің келіп түсу мүмкіндігі туралы олар алған мәліметтер туралы бір-бірін хабардар етеді.

11-бап

Белгіленген санитарлық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарға сәйкес келмейтін өнімдер анықталған жағдайда осы фактіні анықтаған мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен мекемелері мұндай өнімнің бұдан әрі тарапалын болдырмау, оны айналымнан алып тастау шараларын қабылдайды және мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыруши Тараптардың органдарын осындай өнімді жеткізу туралы хабардар етеді.

Даулы жағдайларда осы Келісімнің 6-бабына сәйкес аккредиттелген өзара келісілген сынақ орталықтары мен зертханаларында айналымнан алынған қауіптілігі ықтимал өнімді тәуелсіз сараптаманы жүргізеді.

12-бап

Осы Келісім ережелерін қолдануға және/немесе түсіндіруге байланысты даулы жағдайлар мұдделі Тараптардың консультациясы мен келіссөздері жолымен шешіледі.

13-бап

Осы Келісім оның Тараптары қол қойған, оны қүшіне енгізу үшін қажетті мемлекетішілік ресімдерді орындау туралы үшінші жазбаша хабарлама депозитарийге сақтауға тапсырылған күнінен бастап қүшіне енеді.

Осы Келісім қүшіне енгеннен кейін мемлекетішілік ресімдерді орындаған Тараптар үшін ол мемлекетішілік ресімдерді орындау туралы құжаттарды депозитарийге тапсырған күннен бастап қүшіне енеді.

14-бап

Осы Келісімге осы Келісімнің 13-бабында көзделген тәртіппен қүшіне енетін және оның ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделген өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

15-бап

Осы Келісім қүшіне енгеннен кейін депозитарийге қосылу туралы құжатты беру жолымен осы Келісімнен туындаитын міндеттерді өзіне қабылдауға дайын өзге де мемлекеттердің қосылуы үшін ашық.

Қосылатын мемлекет үшін осы Келісім депозитарийдің тиісті хабарламаны алған күнінен бастап қүшіне енеді.

16-бап

Осы Келісім оның қүшіне енген күннен бастап 5 жыл бойы қолданылады. Осы мерзім өтіп кеткеннен кейін, егер Тараптар өзге шешім қабылдамаса, Келісім автоматты түрде бұдан арғы бесжылдық кезеңіне ұзартылады.

Әрбір Тарап депозитарийге шығу күніне дейін 6 айдан кешіктірмей жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Келісімнен шығуы мүмкін.

2004 жылғы 16 сәуірде Шолпан-Ата қаласында бір тұпнұсқа данада орыс тілінде жасалған. Тұпнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқару комитетінде сақталады, ол осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырган көшірмесін жібереді.

Әзербайжан Республикасының

Молдова Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Армения Республикасының

Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының

Тәжікстан Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

*Грузия Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін
Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін
Қыргыз Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін*

*Түркіменстан Республикасының
Өзбекстан Республикасының
Украинаның*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК